



Мемлекет және құқық теориясы / Theory of State and law/
Теория государства и права

XҒТАР 10.87.51

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-151-2-42-59>

Научная статья

Венеция комиссиясы: Қазақстандағы омбудсмен институтының дамуына қосқан үлесі

А.Б. Аширбекова^{*1}, Д.Б. Бұғыбай², В.Б. Тапакова³

¹Қ.А. Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

²Ш. Есенова атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

³Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті, Орал, Қазақстан

(e-mail: ¹ainur.ashirbekova@ayu.edu.kz, ²bugibaid@mail.ru, ³tapakova_vilora83@mail.ru)

Аңдатпа: Мақаланың мақсаты – Еуропа Кеңесінің құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссиясының (Венеция комиссиясы) Қазақстандағы омбудсмен институтының дамуына қосқан үлесін талдау болып табылады. Осы мақсатта, Венеция комиссиясының Қазақстан Республикасының омбудсмен институтына қатысты үш тұжырымдары сараланады: 1099\2022- Қазақстанның «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заң жобасына пікір; 1056\2021 -Қазақстанның «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» заң бойынша пікір; CDL-AD(2007)020 Қазақстандағы омбудсмен институтының реформасы туралы қорытынды пікірі. Сонымен қатар, мақалада демократиялық институттарды дамытудағы Венеция комиссиясының рөлі мен бағыттары көрсетілген. Қазақстанның Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссияға кіру тарихы және Еуропа Кеңесі мен Қазақстан арасындағы келісімдер тізімі сипатталған. 2022 жылғы 5 қарашада қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заңының нормалары Венеция комиссиясының тұжырымдарына сәйкестігі талданды. Ғылыми еңбектің нәтижесінде, «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заңының нормаларына кейбір ұсыныстар жасалды.

Түйін сөздер: омбудсмен институты, Венеция комиссиясы, демократиялық институттар, адам құқықтарын қорғау, заң үстемдігі, халықаралық стандарт.

Түсті: 12.05.2025 Мақұлданды: 09.06.2025 Онлайн қолжетімді: 30.06.2025

Кіріспе

Еуропа Кеңесінің Құқық арқылы демократия үшін Венеция комиссиясы 1990 жылы құрылған.

Уақыт өте келе комиссия конституциялық-құқықтық саладағы көзқарастар мен идеялармен алмасу үшін танымал халықаралық тәуелсіз орган болды, осылайша конституциялық бақылау саласындағы құқықтық қақтығыстарды реттейді және алдын алады. Комиссия сонымен қатар келесі негізгі бағыттар бойынша жалпы есеп (қорытынды) дайындайды:

- демократиялық институттардың жұмыс істеуі және негізгі құқықтарды қорғау;
- сайлау, референдумдар және саяси партиялар;
- конституциялық әділет [1].

Венеция комиссиясының заңды қорытынды алу заң жобалары комиссияға ұсынылады. Венеция комиссиясының сарапшылары қарауының қорытындысы бойынша заң жобаларын жетілдіру және адам құқықтарын қорғау және құқық үстемдігі саласындағы әмбебап стандарттарды имплементациялауға бағытталған заңдар деңгейінде қолданыстағы реттеу бойынша бірқатар ұсыныстар беріледі. Оның басқа да ерекшелігі - оның Еуропа Кеңесінің тәуелсіз кеңес беру органы мәртебесіне ие. Бұл ерекшелігі оның комиссия құрамында бекітілген. Комиссия құрамына халықаралық даңққа ие болған тәуелсіз сарапшылар кіреді: олар демократиялық институттарда жұмыс істеу тәжірибесі мен заңнаманы нығайтуға және теориялық ғылымдарды дамытуға қосқан үлестерге ие. Комиссияның қорытындыларын Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы (ЕКПА) демократия саласындағы «еуропалық стандарттарды» көрсету ретінде кеңінен қолданады. Сонымен қатар, комиссия нақты мәселелер бойынша белгілі бір мәселеге қатысты зерттерулер, CODIES (конституциялық сот шешімдері) және VOTA (сайлау құқығы) деректер базасын жүргізеді. Сайлау мәселелеріне қатысты сұрақтар бойынша комиссия Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының (ЕҚЫҰ) демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросымен тығыз ынтымақтастықта. 2002 жылдың ақпанында Еуропа Кеңесінің барлық мүше-мемлекеттері Венеция комиссиясына қосылғаннан кейін, еуропалық емес мемлекеттердің де толыққанды мүше болуына мүмкіндік берді. Қазіргі таңда, Венеция комиссиясының құрамына Еуропа Кеңесінің барлық 46 мүше мемлекеттері кіреді [2]. Еуропа Кеңесінің мүше мемлекеттері, еуропалық стандарттарды одан әрі дамыту үшін, атап айтқанда, құқық қорғау институттары мен сайлау мәселелеріне қатысты құқықтық ұсыныстар мен көмек алу үшін Венеция комиссиясының көмегіне жүгінуге шақырады. Олардың тұжырымына қарай, еуропалық стандарттарды ішкі ұлттық деңгейде орындау үшін Венеция комиссиясы соттар мен мемлекеттік басқару органдарымен ынтымақтастықты нығайтуға міндетті. Венеция комиссиясының негізгі қағидаттары демократия, адам құқықтарын қорғау және заң үстемдігі болып табылады [3]. Осылайша, Венеция комиссиясының конституциялық сот төрелігі саласындағы қызметі конституциялық бақылауды жүзеге асырудың құқықтық тәсілдерін жетілдіру мақсатында Қазақстан үшін үлкен қызығушылық тудырады.

Қазақстан 1997 жылдан бастап Еуропа Кеңесімен (ЕК) және оның құрылымдарымен ынтымақтасады. Қазақстан ЕК-нің мүшесі болмағанымен, Кеңеске кірмейтін елдер және

халықаралық ұйымдарға мүше мемлекеттермен бірлесіп, қызығушылық туғызатын мәселелер бойынша өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін оның ішінара кеңейтілген келісімдеріне қатыса алады. Қазақстан мен ЕКПА арасындағы ынтымақтастық 2004 жылы қол қойылған келісім негізінде іске асырылады, оған сәйкес ҚР Парламенті Сенатының делегациясы ЕКПА-ның пленарлық және көшпелі сессияларына қатысады. Қазақстан ЕК-нің екі жекелеген – Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссия (Венеция комиссиясы, 2012 жылдан бастап) және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттер тобы (ГРЕКО, 2020 жылдан бастап) келісімі негізінде толық құқылы қатысады. Сонымен қатар, Қазақстан ЕК-нің төрт конвенциясының қатысушысы болып табылады, олар: «Еуропа өңірінде жоғары білімге жататын біліктіліктерді тану туралы» (№165), «Еуропалық мәдени конвенция» (№ 018); «Қылмыстық әрекеттен түскен табыстарды жылыстату, анықтау, алу және тәркілеу туралы» (№141); «Салық саласындағы өзара әкімшілік көмек туралы» (№127) [4]. Қазақстан 2015 жылы «Еуропалық прокурорлардың консультативтік кеңесінде», 2018 жылы «Еуропалық судьялардың консультативтік кеңесінде» (CCJE) және «Сот төрелігінің тиімділігі жөніндегі Еуропалық комиссияда» (CERJ) халықаралық байқаушы мәртебесін алды[5].

Қазақстан 2012 жылғы наурыз айынан бастап Құқық арқылы (Венеция комиссиясы) демократия жөніндегі Еуропалық комиссиясының мүшесі болып табылады. 2012 жылғы 13 наурызда Президент «Қазақстан Республикасының Еуропалық Кеңесінің Құқық арқылы демократия үшін Венеция комиссиясы» қаулысына қол қойды. [6]. Бұл акт Еуропа Кеңесінің Министрлер Комитетінің Қазақстанның тиісті өтінішін қанағаттандыру туралы шешімінен кейін жасалды, бұл халықаралық қоғамдастықтың Қазақстанның заң үстемдігін нығайтудағы жетістіктерін мойындауының дәлелі. Ұлттық адам құқықтары институттары адам құқықтарының күшті ұлттық жүйесінің іргелі элементтері ғана емес, сонымен қатар олар азаматтық қоғам мен үкіметтер арасындағы алшақтықты өтейді; мемлекеттің міндеттерін азаматтардың құқықтарымен, ал ішкі заңнамаларды аймақтық және халықаралық адам құқықтары жүйелерімен байланыстырады[7].

Қазақстандағы Омбудсмен институты 2002 жылдың 19 қыркүйегінде құрылды. Сол күні «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру туралы» № 947 Жарлыққа қол қойылды[8]. Жарлық Омбудсменнің құқықтық мәртебесі мен өкілеттіктерін реттейтін ережені бекітті. Омбудсменді Қазақстан Республикасының Президенті тағайындады және қызметтен босатты. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылы 15 қаңтарда, VII шақырылымның бірінші сессиясының ашылуында өз сөзінде, «Қазақстандағы Омбудсмен институты өзінің барлық мүмкіндіктерін әлі көрсеткен жоқ», деп атап өтті. Сонымен бірге ол Омбудсмен мекемесін, ең алдымен, аймақтарда нығайтуды тапсырды. Омбудсмен туралы арнайы заң қабылдау тапсырылды[9]. Башимовтың пікірінше, Қазақстан Республикасындағы Омбудсмен институтының (Адам құқықтары жөніндегі уәкіл) қалыптасуы қоғам мен мемлекеттің дамуының, қоғамды дамыту, қоғамды демократияландыру және елде қорғауға адам құқықтары жүйесін қалыптастыру салдары болып табылады [10]. Жиырма жылдан кейін, Қазақстандағы Омбудсмен институты құрылғаннан бастап, 2021 жылы 29 желтоқсанда «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылды[11]. Бұған дейін Омбудсменнің қызметі Президент бекіткен Жарлықпен реттелетін.

2022 жылы 5 қарашада «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заң референдум арқылы қабылданды [12]. 2021 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» заңы күшін жойды. Конституциялық Заңда, Қазақстандағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілетті тұлғаны, оның құзыретіне, сондай-ақ оның қызметінің негізгі бағыттарын тағайындау және жұмыстан шығару тәртібін белгілейді. Омбудсменнің мәртебесін анықтайтын 83-1-бабы Конституция деңгейінде енгізілді. Бұл оның мемлекеттік органдар жүйесіндегі өзінің конституциялық және құқықтық мәртебесін қамтамасыз етеді, мемлекет мәртебесін нығайтады.

Әдіснама

Мақалада, Қазақстандағы омбудсменнің қызметін реттейтін ішкі және халықаралық-құқықтық құжаттар зерттелді. Сонымен қатар, аналитикалық, салыстырмалы - құқықтық, теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылады. Омбудсмен институтының сипаттамаларын анықтау үшін салыстырмалы құқықтық талдау жүргізілді. Теориялық деңгейде, Омбудсмен институтының зерттеулері жүргізілді. Тарихи талдау Омбудсмен институтын реттеу саласындағы ұлттық және халықаралық-құқықтық базаны дамыту процесін, сондай-ақ осы заң институтын дамытудың негізгі кезеңдерін қарастыруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде, әдістемелік қорлар кешені қорытынды мен тұжырымдардың дұрыстығын және негізділігін қамтамасыз етуге, Қазақстандағы Омбудсмен институтын жетілдірудің негізгі бағыттарын ұсынуға мүмкіндік берді. Ғылыми еңбекте, Қазақстан Республикасының 2022 жылғы 5 қарашадағы «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заңы және Венеция комиссиясының Қазақстан омбудсмен институтының құру бағытындағы тұжырымдары негізге алынды. Сонымен қатар, шетелдік және отандық құқықтанушы ғалымдарының еңбектері зерделенді.

Нәтижелер мен талқылау

Қазіргі таңда адам құқықтарының жалпы танылған нормалары - халықаралық құқықтың да, ішкі құқықтың да жалпы қағидаттары сипатына ие. Олар халықаралық құқық пен ішкі нормалардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі болып табылады. Халықаралық құқықтың жалпы принциптерін мойындай отырып, ұлттық заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді және заң тәжірибесін жетілдіреді. Бұл ережені халықаралық құжаттардың барлық мүше мемлекеттері бұлжытпай орындауы тиіс. Бұл ережеге сәйкес, азаматтардың барлық ұлттық қорғау құралдары таусылған жағдайда халықаралық қорғау органдарына жүгіну құқығы бар. Осыған байланысты мемлекет ішінде құқық қорғау институттарының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселесі туындайды[13]. Ұзақ уақыт бойы кеңестік заң ғылымында омбудсмен (Адам құқықтары жөніндегі уәкіл) институты идеясы жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың басқа тұжырымдамалары мен институттарының көлеңкесінде болды. Дегенмен, қазіргі жағдайда омбудсмен қызметін талдауда халықаралық бақылау тетіктерінің рөлі үнемі өсіп келе жатқанын байқауға болады.

Адам құқықтары институттары, соның ішінде омбудсмен институты мәселесін бірінші рет 1946 жылы БҰҰ-ң Экономикалық және Әлеуметтік Кеңесі (ECOSOC) көтерді, ұйымға мүше мемлекеттерді адам құқықтары жөніндегі комитеттер құруға шақырды. БҰҰ-ның адам құқықтары жөніндегі комиссиясы 1948 жылы 10 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, БҰҰ-ң Бас Ассамблеясы 8 қыркүйекте БҰҰ Мыңжылдық декларациясында бекітілген адам құқықтарының халықаралық талаптарын әзірледі [14]. 1968 жылы Бас Ассамблеяның 23-сессиясында БҰҰ Адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы комиссары лауазымы бекітілді [15]. 1991 жылы қазанда Парижде адам құқықтарын ілгерілету және қорғау институттарын дамыту жөніндегі бірінші халықаралық кеңес өтті. Оның қорытындыларын БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі комиссиясы (1992) адам құқықтарын ілгерілету және қорғау институттарының мәртебесі мен жұмыс істеуіне қатысты қағидалар ретінде (Париж принциптері) қолдады, ал кейіннен БҰҰ Бас Ассамблеясы (1993) қолдады. Әлемнің барлық мемлекеттері жоғарыда аталған стандарттарды адам құқықтары институттарын құру кезінде міндетті халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаттары мен нормалары ретінде қарастырылады. 1975 жылғы № 457 ұсынымдық шешімінде, Еуропа Кеңесінің Консультативті Ассамблеясы адам құқықтарын қорғауда омбудсмен институтын тиімді институт деп есептей отырып, мүше мемлекеттерде осындай институттарды құруды қолдады. Бұл ұсынымда Кеңес, омбудсмен институтының маңыздылығын атап өтті және мүше мемлекеттер ұлттық, аймақтық, жергілікті немесе белгілі бір мәселелер бойынша жұмыс істейтін омбудсмен институттарын құруы керектігін атап көрсетті. 1978 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдаған шешіммен [16] бұл мәселеге шектеулер енгізді және ұлттық құқық институттарын мамандандырылған құрылымдар ретінде құруды талап етті. 1993 жылы Венада өткен адам құқықтары жөніндегі Дүниежүзілік конференцияда 1991 жылы белгіленген Париж қағидаттарын сақтау туралы шешімді қамтитын Вена декларациясы мен іс-қимыл бағдарламасы қабылданды [17].

2019 жылғы 15 наурызда Еуропа Кеңесінің демократия, адам құқықтары және заң үстемдігі мәселелері бойынша консультациялар мен құқықтық шолулар беруге жауапты бөлімшесі «Құқық арқылы демократия үшін Еуропалық комиссия» (қысқартылған Венеция комиссиясы) «Омбудсмен институтын сақтау және дамыту (Венециялық принциптер)», қысқаша айтқанда «Венециялық принциптер» деп аталатын бұл құжат, Париж қағидаттары мен Еуропа Кеңесінің жалпы адам құқықтары жөніндегі ұлттық институттар, атап айтқанда, омбудсмен институттары бойынша ұсынымдарын негізге ала отырып, омбудсмен институтының стандартты қағидаттарын белгіледі [18]. Азаматтардың құқықтарын толық қорғау арқылы олардың мүдделерін ілгерілету үшін омбудсмен де қорғалуы керек. Венеция комиссиясы жүйелі түрде мемлекеттерді осы институтты конституциялық негізде және оның миссиясын тиімді жүзеге асыру үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етуге шақырады. Бұл Омбудсменнің тәуелсіздігі мен бейтараптығын қорғайды, бұл осы институттың негізгі сипаттамалары болып табылады. Осы мақсатта, Комиссия «Омбудсмен институтын қорғау және дамыту қағидаттарын» немесе «Венециялық қағидаттарды» әзірледі. Венеция комиссиясы өзінің 2019 жылғы 15-16 наурыздағы 118-пленарлық отырысында Омбудсмен институтын қорғау және ілгерілету қағидаттарын («Венециялық принциптер»)

қабылдады. Венециялық қағидаттарды, 2019 жылғы 2 мамырда Министрлер орынбасарларының 1345-ші отырысында ЕК Министрлер Комитеті; 2019 жылы 2301 қарарында ЕК Парламенттік Ассамблеясы мақұлдады [19]. Венециялық принциптер демократияны, заң үстемдігін, тиімді басқаруды нығайтуда, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен ілгерілетуде маңызды рөл атқарумен қатар, омбудсмен институттарын біріктіруге жіне өкілеттіліктерін арттыруға бағытталған. Осылайша, Венеция комиссиясы омбудсмен институттарының дұрыс құрылуы мен жұмыс істеуіне, демократияның тұрақтылығына және негізгі құқықтарды қорғау мен ілгерілетуге бағыттайтын және қолдау көрсететін принциптерді ұсынды. Сонымен қатар, 2020 жылғы 16 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы «Адам құқықтарын, тиімді басқаруды және заң үстемдігін ілгерілету мен қорғаудағы омбудсмен және медиатор институттарының рөлі» А/RES/75/186 қарарын қабылдады [20]. БҰҰ-ның А/RES/75/186 резолюциясы өзінің Преамбуласында «омбудсмен институтын (Венециялық принциптер) қорғау және ілгерілету қағидаттарын мойындайды» және оның негізгі бөлігінің 2-тармағында мүше мемлекеттерді «Омбудсмен институтын қорғау және ілгерілету принциптеріне сәйкес» омбудсмен институттарын құруға шақырады. Қолданыстағы 8-тармақта: *«омбудсмен мен медиатор институттарын, егер олар бар болса, Париж қағидаттары мен Венециялық қағидаттарды қоса алғанда, барлық тиісті халықаралық құжаттарға сәйкес тиісті түрде әрекет етуге шақырады»*, делінген.

Омбудсмен институты «Классикалық омбудсмен» үлгісімен сипатталатын тұрақты демократиялық режимі бар елдер де заңнамамен бекітілген ең жоғары деңгейіне ие. Атап айтатын болсақ, 1809 жылы Швеция Конституциясына Парламенттік Омбудсмен туралы баптың енгізілуімен пайда болған швед үлгісін айтуға болады. Сәйкесінше, Финляндияда тәуелсіздік алғаннан кейін 1919 жылы қабылданған Конституциясында да әділет омбудсмені туралы бап бар. 1956 жылы Батыс Германияда әскери омбудсмен жұмысының басталуы алдында Конституцияға тиісті түзету енгізді, ал бір жылдан кейін тиісті заң қабылданды. Дәл осыған ұқсас жағдай Данияда болды, онда 1953 жылы қабылданған жаңа Конституцияның баптарында Парламенттік омбудсмен көзделген [21]. АҚШ-та жергілікті деңгейде Омбудсмен лауазымы, әдетте, тиісті қаланың Жарғысына түзетулер енгізілгеннен кейін енгізілді.

Қырғи қабақ соғыстың аяқталуымен және XX ғасырдың соңғы онжылдығында әлемде демократиялық үдерістердің күшеюімен Шығыс Еуропа елдерінде омбудсмен қызметтері пайда бола бастады. Шығыс Еуропада тұңғыш омбудсмен 1988 жылы тағайындалған Польшаның Азаматтардың құқықтары жөніндегі комиссары болды. 1989 жылы Венгрияда омбудсмен лауазымы, 1990 жылы Хорватияда, 1993 жылы Румынияда омбудсмен институты пайда болды. Кеңес Одағының ыдырауымен және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылуымен бұрынғы кеңестік республикаларда үкіметтік құқық қорғаушылар пайда болды: Литвада (1994), Украинада, Молдовада, Грузияда (1999), Әзірбайжанда (2002), Арменияда (2004), Қырғыз Республикасында (2002) [22].

Қазақстандағы соңғы конституциялық өзгерістер (2022 ж.) биліктің әртүрлі органдар арасындағы өкілеттіктерді бөлуді қайта қарауға және тиісті мемлекеттік органдарды жаңғыртуға дайын екендігін көрсетеді. Бұл өзгерістер Қазақстанға халықаралық стандарттарға сәйкес реформаларды жүзеге асыруда, әсіресе заң үстемдігі саласында көмек көрсетудің бірегей мүмкіндігін береді. Венеция комиссиясы, Орталық Азия

елдерімен заң үстемдігі мәселелері бойынша мақсатты ынтымақтастықты жүзеге асырған алғашқы ұйымдардың бірі болды. 2007 жылдан бері Венеция комиссиясы Еуропа Одағы мен бірнеше мүше мемлекеттер бөлген қаржыландырудың арқасында Қазақстанның мемлекеттік мекемелерімен, атап айтқанда бірнеше жобалар арқылы тығыз ынтымақтастық орнатты.

2007 жылдан 2022 жылға дейінгі кезеңде Венеция комиссиясы Қазақстанның сұрауы бойынша бірқатар қорытындылар дайындады:

Кесте 1. Венеция комиссиясының Қазақстанға қатысты қорытындылары

1099\2022	«Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заң жобасы бойынша пікір
1056/2021	«Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» заң бойынша пікір
CDL-AD(2018)020	Қазақстан – Әкімшілік іс жүргізу кодексі туралы қорытынды, Венеция комиссиясының 116-пленарлық отырысында (Венеция, 19-20 қазан) қабылданған 2018)
CDL-AD(2017)010	Қазақстан Конституциясына өзгерістер енгізу туралы қорытынды, қабылданды. Венеция комиссиясы өзінің 110-шы пленарлық отырысында (Венеция, 2017 ж. 10-11 наурыз)
CDL-AD(2016)013	Судья әдеби кодексінің жобасы бойынша қорытынды. Венеция комиссиясы өзінің 107-ші пленарлық отырысында 10-11 маусым. 2016 ж.
CDL-AD(2011)012	Сот жүйесі туралы конституциялық заң туралы бірлескен пікірі. ҚР-ң судьяларының мәртебесі туралы (Венеция, 17-18 маусым 2011 ж.)
CDL-AD(2009)058	Түсіндіру бойынша <i>amicus curiae</i> процедурасында қабылданған пікір Мемлекеттің кеден ісіне қатысуы туралы Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституциялық Кеңес үшін Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы одақ Венеция комиссиясының 81-ші пленарлық отырысында бекітілген Қазақстан Республикасы (Венеция, 11-12 желтоқсан 2009 ж.)
CDL-AD(2007)020	Венеция комиссиясы өзінің 71-ші пленарлық отырысында қабылдаған Қазақстандағы Омбудсмен институтының ықтимал реформасы туралы пікір (Венеция, 2007 жылғы 1-2 маусым)

**Автордың өзі құрастырған*

XXI ғасырдың екінші онжылдығына тән жаһандық дағдарыс құбылыстары мен ыдырау үрдістері көптеген өркениеттердің жалпыадамзаттық құндылықтар деп аталатын құндылықтарды қайта бағалауына себеп болды. Әртүрлі мемлекеттердің конституцияларында, қоғам қолдайтын, мемлекет белсенді түрде қорғайтын және ұлттық бірегейлік контекстінде түсіндірілетін ерекше дәстүрлі құндылықтарды, өз мәдениеті мен құқықтарының институттарын көбірек бекітеді. Комиссия қорытындыларының географиясының және талдайтын саяси, құқықтық жүйелердің ауқымының кеңеюіне байланысты соңғы уақытқа дейін даусыз әмбебап болып көрінген қағидаттарды ілгерілетуде аса сақтық пен теңгерімді көзқарас қажет деп есептейтін зерттеушілердің дұрыстығын мойындауымыз керек деп есептейміз.

Венециандық комиссияның халықаралық құжаттарды қабылдау кезінде, жалпы мойындалған қағидаттар мен нормаларды ескере отырып, түрлі құжаттарды түсіндірме жүргізеді. Венеция Комиссиясы бірқатар елдерге қатысты мысалы, Венгрия, Армения, Әзірбайжан, Босния, Босния, Босния, Косово, Люксембург, Черногория, Молдова Республикасы, Сербия және Солтүстік Македония Республикасы бойынша қорытындылар қабылдады. Осы қорытындыларында, комиссия Омбудсменге кеңейтілген өкілеттіктер, нақты конституциялық-құқықтық негіздер, оның тәуелсіз, тиімді және бейтарап қызметі, оның ішінде иммунитетті режим және адами және қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету керектігін атап өтеді. Төменде Венециялық комиссияның Қазақстанның омбудсмен институтына қатысты үш қорытындысы қарастырылған: 1) Венеция комиссиясының 71-ші жалпы отырысының тұжырымдамасы (Венеция, 1-2 маусым 2007 ж.); 2) «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» заң жобасы бойынша 2021 жылғы желтоқсанның тұжырымдамасы; 3) Венеция Комиссиясының 132-ші пленарлық отырысындағы (Венеция, 21-22 қазан, 2022 ж.) Венеция комиссиясының «Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық заңының жобасы туралы тұжырымдамасы.

Бірінші тұжырымдама:

2006 жылы 25 желтоқсандағы хатта, Венециялық комиссиясының төрағасынан, ҚР-ң Адам құқықтары жөніндегі уәкілі Байқадамов мырза, Қазақстандағы омбудсмен институтын реформалауға және дамытуға қатысты кейбір мәселелер бойынша қорытынды сұрады. Еуропа Комиссиясымен Бірлескен бағдарламасы аясында Венеция комиссиясының құрамында Торфасон мен Коллиард мырзадан тұратын делегациясы Букиккио және Дюрр мырзаның сүйемелдеуімен 2007 жылғы 15 мамырда Астанада Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың басшысы Калюжный мырзамен кездесті. Бұл тұжырым, Петер Пакзолай мен Хортур Торфасонның түсініктемелері негізінде дайындалды және Венеция комиссиясының 71-ші жалпы отырысында мақұлданды (Венеция, 1-2 маусым 2007). Барлығы 6 сұрақ негізінде келесі ретпен түсіндіріледі [23]. Ескертулер Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 қыркүйектегі № 947 Жарлығымен бекітілген Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы ережеде белгіленген, бірақ тұтастай Ережеге қолданылмайды, осы органға қатысты қолданыстағы заңнамалық нормаларды ескере отырып берілген:

1. Омбудсменді құрудың конституциялық-нормативтік негіздері.
2. Омбудсменнің Конституцияның нормаларын қадағалайтын органға адам құқықтары туралы заңнаманың конституцияға сәйкестігі туралы шешім қабылдау үшін жүгіну құқығы.
3. Омбудсменнің заң шығару бастамасы құқығы.
4. Омбудсменнің адам құқықтары саласындағы қолданыстағы заңнаманы және ратификацияланған шарттарды түсіндіру құқығы.
5. Мамандандырылған омбудсмен институттарын құру және қызметі.
6. Омбудсменнің қызметкерлері және аймақтық бөлімшелері қатысты болатын.

Екінші тұжырымдама:

ҚР Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары Шакиров мырзаның 2021 жылғы 23 қыркүйектегі хатында, Венеция комиссиясына «Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» заң жобасына (CDL-REF (2021) 087) тұжырымдама

дайындауды сұрады. 2021 жылғы 17- 18 қарашада баяндамашылар Кэролайн Мартин ханым және Сергей Кузнецов мырзамен бірге ҚР-ң Адам құқықтары жөніндегі уәкілі Азимова ханым, ҚР- ң Парламенті Сенаты төрағасының орынбасары Шакиров мырзамен және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерімен онлайн кездесулер өткізді. Бұл пікірде, заң жобасы омбудсмен институттарына қатысты қолданылатын халықаралық стандарттар тұрғысынан талданды. Тұжырымдама сұрау шеңберінде баяндамашылар, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекс пен Бюджет Кодексі сияқты бірқатар мәтіндерге түзетулер жобаларын алды. Бұл түзетулер Омбудсмен туралы заң жобасын қабылдау әсер етуі мүмкін заңнаманы жетілдіруге бағытталған. Венеция комиссиясы 2021 жылғы желтоқсандағы Қазақстанның «Адам құқықтары жөніндегі уәкілі туралы» заң жобасы бойынша [24] пікірінде, омбудсмен институтын ел Конституциясына енгізудің маңыздылығын, сондай-ақ омбудсменді сайлау процесінің жариялылығы мен ашықтығы қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ Омбудсменнің иммунитеті мен бюджеттік дербестігін нығайтуға және кеңейтуге ықпал етуге шақырды. Ұлттық құқық қорғау мекемесі ретінде Қазақстанның Адам құқықтары жөніндегі уәкілінің қызметін белгілейтін заң жобасы БҰҰ-ның Адам құқықтары жөніндегі ұлттық институттар жөніндегі Париж қағидаттары тұрғысынан талданды. Омбудсмен институтына В мәртебесі берілді [25]. Заң жобасы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мен оның өңірлердегі өкілдерінің мәртебесін реттейтін негізгі ережелерді айқындау арқылы адам және азаматтардың құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру мақсатында дайындалған. Ол Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құрған Мемлекет басшысының 2002 жылғы 19 қыркүйектегі № 947 Жарлығын алмастыруға арналған. Қорытындылай келе, Венеция комиссиясы Адам құқықтары жөніндегі институтының болуын, оның өкілеттіліктерін және оны сайлау, қызметтен босату тәртібін Конституцияда бекітілуі ұсынды. Заң жобасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру мақсатында Венеция комиссиясы төмендегі ұсыныстарды ұсынды:

- Омбудсменнің өкілеттіліктеріне сот жүйесіне қатысты құзыретті нақтылау және адам құқықтарын насихаттауды қосу;
- Омбудсменді сайлауға қатысты бос лауазымды жариялауды, тестілеуді және алдын ала іріктеуді, Парламенттің білікті көпшілік дауысымен сайлауды, өкілеттілік мерзімін ұзартуды, ашық және айқын іріктеу рәсімін қамтамасыз етуге;
- Омбудсменнің иммунитетіне қатысты функциональдық иммунитетті шектеу, қызметкер жұмыстан кеткеннен кейін де институт қызметкерлеріне функциональдық иммунитетті кеңейту, Парламенттің білікті көпшілік дауысымен иммунитеттен айыру мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- Омбудсменнің өкілеттік мерзіміне қатысты, лауазымынан босату тәртібі ашық және айқын рәсімдерді қамтамасыз етуі жөніне бұл туралы шешімді Парламенттің білікті көпшілігі қабылдауы қажет;
- Омбудсменнің өзінің тергеу жүргізу саласындағы өкілеттегіне қатысты шектеулерді алып тастау;
- Институт бюджетіне қатысты бюджетті дербес басқаруды және омбудсменнің институтының алдағы жылға арналған бюджетін ұсынуын қамтамасыз ету;
- Институт қызметкерлеріне қатысты заңмен реттелетін жеке ерекше мәртебеге сәйкес санаттарға сәйкес өз қызметкерлерін жұмысқа қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етуге;

– жылдық есеп бойынша омбудсменнің Парламентке есеп беруін қамтамасыз ету.

2021 жылғы тұжырымдамасында, Венеция комиссиясы омбудсменнің юрисдикциясын жеке бапта немесе тарауда анықтау арқылы заң жобасының сапасын жақсартуды ұсынды. Конституциялық заң жобасында омбудсменнің құзыреті жаңа III тарауда көрсетіліп, шағымдарды қарау тәртібі жаңа IV тарауға көшірілді. Кейбір нақты баптар/тармақтар да қайта құрылымдалған. Венеция комиссиясы конституциялық заң жобасының құрылымындағы кейбір өзертүлерге қарамастан, омбудсменнің құзыреті мәтіннің әртүрлі бөліктерінде қарастырылуы жалғасып жатқанын атап өтеді.

Үшінші тұжырымдама

2022 жылғы 11 тамыздағы хатымен Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкілі Эльвира Азимова ханым Венеция комиссиясының «Қазақстан Республикасының Адам құқықтары жөніндегі уәкілі туралы» (CDL-REF(2022)035) конституциялық заң жобасына, одан кейін 2022 жылғы 6 қазанда қайта қаралған редакциясына (CDL-REF(2022)044 пікірін сұрады. Бұл пікір [26] баяндамашылардың ескертулері мен онлайн отырыстардың нәтижелері негізінде дайындалды. Тұжырымдама жобасын Венеция комиссиясы өзінің 132-ші пленарлық отырысында (Венеция, 2022 ж. 21-22 қазан) қарады.

Конституциялық заң жобасын әзірлеу кезінде 2021 жылғы 29 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» қолданыстағы заңға бірінші пікірден бастап бірқатар ескертулер ескерілді. Жалпы алғанда, Комиссия Қазақстанның Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының құқықтық негіздерін нығайту жөніндегі күш-жігерін құптады және осы заң жобасына қатысты бірқатар ұсыныстар енгізді. Қазақстандық Омбудсмен институтының өкілеттіктері 2022 жылғы 5 қарашада қабылданған Конституциялық заңмен реттеледі. Басқаша айтқанда, Қазақстан омбудсменіне сотқа осал топтарға қатысты адам құқықтарын қорғау туралы талабы етуге және Конституциялық сотқа жүгінуге құқылы. Омбудсмен конституциялық сотқа 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум нәтижелері бойынша қабылданған конституциялық өзгерістер аясында шағымдануға құқылы. Сонымен қатар, комитеттердің, жұмыс топтарының және парламенттің екі палаталарының отырыстарына қатыса алады. 2022 жылғы реформа омбудсмен институттың мәртебесін көтеріп, оны соттар мен прокуратурамен бір қатарға қойды.

Қазақстанда «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» Конституциялық Заңның салыстырмалы түрде жақында қабылданғанына қарамастан, онда халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтін бірқатар ережелер бар. Венециялық принциптер кандидаттарды іріктеу процедурасы бос орындар туралы ашық хабарландыруды қамтуы және әлеуетті кандидаттардың кең ауқымының қатысуы үшін ашық болуы керек деп ұсынады. Қазіргі қолданыстағы заңда, омбудсменді сайлау тәртібін белгілейтін нормалар көзделмеген. Мысалы, шетел тәжірбиесіне келетін болсақ, Түрік омбудсменін сайлау тәртібінің рәсімі 2012 жылғы «Омбудсмен туралы» Заңының 11 бабында баяндалған. Рәсімге сәйкес, бас омбудсмен немесе омбудсменнің қызметінің аяқталуы мерзімінен 15 күн бұрын институт тарапынан Түркия Жоғарғы Ұлттық Кеңесінің басшылығына хабарлайды. Басшылық бос жұмыс орны туралы жарнама береді. Комиссия үміткерлер арасынан үш үміткерді іріктеп, өтініш беру аяқталған мерзімнен бастап 15 күн ішінде Бас Ассамблеяға ұсыну үшін басшылыққа хабар береді. Бас Ассамблея хабар келген

